Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесі отырысының
№ 02-09/2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілу мерзімі мен уақыты:
2026 жылғы 02 сәуір
сағат 11.00

Өткізілу орны:
Қабанбай батыр ауылдық
округі, Қызылжар ауылы.

Қоғамдық кеңестің отырысын Целиноград ауданының Қоғамдық *кеңесінің төрағасы Әлібек Жұматайұлы Сүлейменов ашып, жүргізеді.*

Отырыс хатшысы- Айдана Бейбітқызы Хаметова, Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің хатшысы.

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Құрметті ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшелері және шақырылғандар!

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және жұмыс жоспарына сәйкес Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы өткізіледі.

Қоғамдық кеңестің **15** мүшесінің **11**-і келді, **4**-і дәлелді себептермен қатыспайды.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысын ашық деп жариялау үшін дауыс беруіңізді сұраймын. Кім қарсы? Кім қалыс қалды? Жоқ.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы ашық деп жарияланады.

Қоғамдық кеңестің отырысына Қоғамдық кеңестің мүшелері, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы, «Целиноград ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін талдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы қатысты.

Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесі отырысының жұмысына барлығы **15** адам қатысты.

(қатысушылардың тізімі қоса беріледі)

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Құрметті ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшелері және шақырылғандар!

Қоғамдық кеңестің талқылауына мынадай мәселелер енгізіледі:

1. **«Жетім балалар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы»**

Баяндаушы: Турар Батыргалиевич Каратаев, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

2. **«Целиноград ауданының 2025 жылға арналған аудандық бюджетін орындау туралы»**

Баяндаушы: Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы.

3. **«Ауданның жергілікті атқарушы органдарының сервистік әкімдіктер арқылы халыққа қызмет алу үшін қолайлы жағдай жасау жұмыстары туралы»**

Баяндаушы: Дильназ Ериковна Мухамедиянова, «Целиноград ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін талдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы.

Күн тәртібі бойынша қандай ескертулер болады?

Осы күн тәртібін бекіту үшін дауыс берулеріңізді сұраймын. Кім қолдайды? Қарсы? Қалыс қалды? Жоқ.

Күн тәртібі бекітіледі.

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Құрметті Қоғамдық кеңесі мүшелері және шақырылғандар!

Отырыстың күн тәртібіндегі **бірінші мәселені** қарауға көшеміз.

«Жетім балалар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы»;

Осы мәселе бойынша сөз, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Турар Батыргалиевич Каратаевқа** беріледі.

ақпараттан кейін

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Турар Батыргалиевичке қандай ескертулер, ұсыныстар, толықтырулар бар?

Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Турар Батыргалиевич, Сіз ұсынып отырған жобаларыңыз өте жақсы, мен толық қолдаймын. Дегенмен, бұл бастамаларды тек әлеуметтік жағдайы төмен балалармен шектемей, барлық балаларды қамти отырып, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлу қажет деп есептеймін. Әсіресе, ұлттық құндылықтарға негізделген қазақы тәрбие бағытын күшейту маңызды.

Турар Батыргалиевич Каратаев, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы:

Жақсы, мен Сіздің ұсынысыңызға толықтай қосыламын. Бұл нысаналы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатын болады. Мысалы, өткен жылы 6 киіз үй лагері ұйымдастырылса, биыл олардың саны 10-ға жетті. Соңғы уақытта Целиноград ауданы бойынша жаңадан ашылған мектептердің басым бөлігі мемлекеттік тілде білім беретіндіктен, біз ұлттық тәрбиеге ерекше назар аударып келеміз. Сонымен қатар, балаларды телефон мен интернет желісінен алшақтатып, спортқа көбірек баулу мақсатында да тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сондықтан біздің кез келген бастамамыз Қоғамдық кеңеспен бірлесе жүзеге асырылуына дайын. Егер тарапымыздан қандай да бір мәселе немесе ұсыныс туындап, қолдау қажет болған жағдайда, Сіздердің көмектеріңізге жүгінуге әрқашан дайынбыз.

Абылайхан Амантайұлы Бижанов, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Жалпы, осы тізім аясында Целиноград ауданы бойынша түрлі жарыстарда жүлделі, соның ішінде бірінші орын алып, ауданның абыройын асқақтатып жүрген мектеп оқушыларының да осындай орындарға баруға мүмкіндігі бар ма? Әлде бұл тек жетім балаларға ғана қарастырылған ба?

Турар Батыргалиевич Каратаев, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы:

Бірінші кезекте, әрине, жетім балалар қамтылады. Одан кейін аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, ал үшінші кезекте мектептің белсенді оқушылары қарастырылады. Жарыстарға қатысып жүрген, оқу үлгерімі жақсы оқушылар да міндетті түрде қабылданатын болады.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. **Турар Батыргалиевич Каратаев,** «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы **«Жетім балалар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы»** баяндамасы назарға алынсын;

ҰСЫНУ:

- Жазғы лагерьлерге белсенді оқушылардың, аудандық және облыстық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздарының, сондай-ақ оқу үлгерімі жақсы білім алушылардың қатысу мүмкіндігін қарастыру.
- Жазғы демалыс бағдарламаларында рухани-адамгершілік және ұлттық тәрбиеге басымдық бере отырып, тәрбиелік құрамды күшейту.
- Балалардың телефонға және интернет желісіне тәуелділігін азайтуға бағытталған бос уақытты тиімді ұйымдастыру және спорттық іс-шараларды өткізу.
- Киіз үй лагерьлерін және этномәдени демалыстың өзге де түрлерін ұйымдастыру тәжірибесін жалғастыру.
- Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру және бақылау мәселелері бойынша Қоғамдық кеңеспен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Құрметті шақырылғандар!

Отырыстың күн тәртібіндегі **екінші мәселені** қарауға көшеміз.

«Целиноград ауданының 2025 жылға арналған аудандық бюджетін орындау туралы».

Осы мәселе бойынша сөз «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы **Анара Серикбаевна Беркеева** беріледі.

ақпараттан кейін

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Анара Серикбаевнаға қандай ескертулер, ұсыныстар, толықтырулар бар?

Абылайхан Амантайұлы Бижанов, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Зейнеткерлікке шыққандардың саны қанша екен аудан бойынша?

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Оны Целиноград ауданыны «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі біледі. Менде ондай ақпарат жоқ. Олардың ұқсынысы бойынша қаржыландырылады.

Абылайхан Амантайұлы Бижанов, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Санаторлық курорттық емдеуге 20 млн. бәріне жете ма?

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Бұл бағытта кімдерге төлем жүргізілетіні жөнінде тиісті ережелер бекітілген. Егер жыл басында қарастырылған қаражат көлемі жеткіліксіз болған жағдайда, жыл ортасында қосымша қаржы бөлу мүмкіндігі қарастырылады.

Абылайхан Амантайұлы Бижанов, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Мысалы, біздің ауданда зейнеткерлер саны 2000-ға жуық. Олардың барлығын бірдей жіберу мүмкін емес қой, солай ма? Ондай жағдайда игерілмей қалған қаражатты қалай пайдаланасыздар? «Орындалмады» деп айтып отырсыздар ғой — осыған нақты түсіндірме берсеңіздер.

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Республикалық бюджеттен игерілмеген қаражат келесі жылы, яғни 2025 жылғы қаражат 2026 жылдың 01 наурызына дейін республикалық бюджетке кері қайтарылады. Облыстық трансферттер де осы тәртіппен қайтарылады. Ал аудан деңгейінде игерілмей қалған қаражат бос қалдық ретінде қалып, ағымдағы жылы басқа жоспарланған бағыттарға қайта бөлініп қарастырылады.

Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Неге ол ақшалар игерілмеген?

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Қызылсуат ауылы бойынша сумен жабдықтау жобасына республикалық бюджеттен 697 млн. теңге бөлінген. Аталған қаражатты биыл игеруге рұқсат беріліп, жоба осы жылға қайта қарастырылды. Биыл бұл нысанды толық аяқтау

жоспарланып отыр. Сонымен қатар, нысанды толық аяқтау үшін қосымша 578 млн. теңгеге өтінім берілуде.

Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Биыл газдандыру бойынша сұрақтар бар ма?

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Газдандыру бойынша бізге қосымша қаржыландыру қажет болады. Жаңа Бюджеттік кодекске сәйкес, бұрынғыдай республикалық деңгейден тікелей нысаналы трансферттер бөлінбейді. Қазіргі таңда республикадан қаржы тек екі бағыт бойынша ғана қарастырылады. Олар: аса маңызды (критикалық) нысандарға және жалпыұлттық маңызы бар жобаларға. Сондықтан қаржы алдымен облысқа бөлініп, кейіннен ауданға үлестіріледі.

Егер өткен жылы 32 млрд. теңге көлемінде қаражат көзделген болса, биыл құрылыс бөліміне газдандыру мен сумен жабдықтау жобаларына бар болғаны 2 млрд. 600 млн. теңге ғана бөлінді. Ал жол саласы бойынша бірде-бір жобаға қаржы қарастырылмаған.

Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Биыл мен газдандыру мәселесін көтергім келеді, сол арқылы келесі жылы Шалқар және Оразақ ауылдарына газ тарту жобасын қарастыруға мүмкіндік туады. Бұл жобаны енгізіп, 2028 жылы нақты газ тартуды жүзеге асыру қажет.

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Қазіргі уақытта аудан әкімі ауылдық әкімдермен бірлесіп ЖШС «Али-Сервис» компаниясымен келіссөздер жүргізіп, 5 ауыл бойынша жобаны қарастыруда.

Абылайхан Амантайұлы Бижанов, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Былтыр басталған жол жөндеу бойынша жоба орта жолдан тоқтап қалды, себебі бюджеттен қаражат бөлінбеді деген жауап алдық. Биыл үміттеніп отырсақ, техниканы түгел алып кеткен болып шықты. Осы жағдайдан хабардар болсаңыз, айтсаңыз дұрыс болар еді.

Анара Серикбаевна Беркеева, «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы:

Жаңағы айтқанымдай, былтыр жол саласына 32 млрд. теңге қарастырылған болатын. Ал биыл бекітілген бюджетте барлығы 2 млрд. 600 млн. теңге ғана бөлінді, оның ішінде жол бойынша бірде-бір жоба қарастырылмаған. Қазіргі уақытта ауданымыздағы барлық басталған және жаңа жол жобаларын іске асыру үшін 95 млрд. теңге қажет. Дегенмен, республикалық деңгейде бұл қаражат «жалпы сипаттағы» трансферт ретінде қарастырылуда. Біздің аудан бойынша тек 2028 жылы жол мәселелеріне 103 млрд. теңге қарастырылған. Сондықтан биыл басталған және аяқталмаған жобалар 2028 жылға қойылып отыр.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. **Анара Серикбаевна Беркеева,** «Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы, **«Целиноград ауданының 2025 жылға арналған аудандық бюджетін орындау туралы»** баяндамасы назарға алынсын;

ҰСЫНУ:

- Бюджеттік бағдарламаларды уақтылы қаржыландыру мен іске асырылуын бақылауды күшейту.
- Бюджеттің орындалуы туралы ақпараттың жұртшылық пен Қоғамдық кеңес үшін ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету.
- Шығыстарды оңтайландыру және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Құрметті шақырылғандар!

Отырыстың күн тәртібіндегі **үшінші мәселені** қарауға көшеміз.

«Ауданның жергілікті атқарушы органдарының сервистік әкімдіктер арқылы халыққа қызмет алу үшін қолайлы жағдай жасау жұмыстары туралы».

Осы мәселе бойынша сөз «Целиноград ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін талдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы **Дильназ Ериковна Мухамедияноваға** беріледі.

ақпараттан кейін

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Дильназ Ериковнаға қандай ескертулер, ұсыныстар, толықтырулар бар?

Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Өте күрделі сұрақ бар. Аудандық ғимаратқа кіру мәселесі. Неліктен Қоғамдық кеңес төрағасы және мүшелері кіре алмайды?

Мен қоғамдық белсенді ретінде әкімдікке жиі келіп, республикалық деңгейдегі көптеген мәселелерді көтеріп жүрмін. Мен үшін ең құндысы — уақыт. Әрбір маманға жеткенше 15–20 минут уақытымды жоғалтамын. Төменгі жабатта сервистік орталықтың ашылғанына қарсылығым жоқ. Алайда Қоғамдық кеңес мүшелері мен депутаттардың кіруіне шектеу қою дұрыс емес деп есептеймін. Бұл мәселені алдағы уақытта да көтеретін боламын.

Сондай-ақ, телефонсыз кіру талабын да қайта қарастыру қажет деп санаймын. Бұл стратегиялық нысан емес, халыққа қызмет көрсетуге арналған ғимарат болғандықтан, кез келген уақытта еркін кіруге мүмкіндік қарастырылуы тиіс.

Жанар Еркиновна Байдильдина, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Осы мәселе бойынша толықтыра кетсем, кез келген іс-шара алдында қатысушылардың тізімі алдын ала жасалып, күзет қызметіне беріледі. Сол тізім негізінде күзет еш кедергісіз кіргізуді қамтамасыз етеді. Аталған ғимарат ТТО (террористік тұрғыдан осал объектілер) санатына жататындықтан, ішке ұялы телефонмен кіруге рұқсат етілмейді.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. **Дильназ Ериковна Мухамедиянова,** «Целиноград ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін талдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы **«Ауданның жергілікті атқарушы органдарының сервистік әкімдіктер арқылы халыққа қызмет алу үшін қолайлы жағдай жасау жұмыстары туралы»** баяндамасы назарға алынсын;

ҰСЫНУ:

- Халыққа мемлекеттік қызметтерді сервистік әкімдіктер арқылы көрсету жағдайларын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.

- Халыққа қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізіп, азаматтардың өтініштері мен ескертулеріне жедел ден қою.

Целиноград ауданы әкімінің аппараты:

- Қоғамдық кеңес мүшелері мен депутаттардың бейінді мамандарға қол жеткізу уақытын қысқарту мақсатында өткізу режимін оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру.

- Қоғамдық және қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қоғамдық кеңес мүшелері мен депутаттарды ғимаратқа кіргізу тәртібін қарастыру.

- Ғимараттың халыққа қызмет көрсететін нысан ретіндегі мәртебесін ескере отырып, ұялы телефондарды алып кіруге тыйым салуға қатысты талаптарды қайта қарау.

- Ғимаратқа кіру мәселелері бойынша келісілген шешімдер әзірлеу үшін Қоғамдық кеңеспен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

- Қолданыстағы талаптар мен шектеулердің қандай нормативтік құқықтық актінің (бұйрықтың) негізінде белгіленгенін көрсете отырып, Қоғамдық кеңестің атына ресми, негізделген жауап дайындап жолдау.

Төрағалық етуші: Ә.Ж. Сүлейменов

Құрметті ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшелері және шақырылғандар!

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды! Кімнің ескертулері, ұсыныстары болады? Жоқ.

Бұл ретте Қоғамдық кеңестің отырысы жабық деп жарияланады.

Баршаңызға қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын!

Целиноград ауданы
Қоғамдық кеңесінің төрағасы **А. Сүлейменов**

Целиноград ауданы
Қоғамдық кеңесінің хатшысы **А. Хаметова**